



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

28 МАМАЫР – ҚазҰУ ТҮЛЕГІНІҢ КҮНІ

21 мамыр күні журналистика факультетіне «Арман қуып, арғымақ ойнатқан» түлектер ат басын бұрды. Олар кімдер дейсіз ғой? Олар – ҚазҰУ-дың 81 жылғы түлектері. Олардың арасында есімдері республикаға танымал Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Мейрамбек Төлепберген, «Қазақ газеттері» ЖШС-ның бас директоры Жұмабек Кенжалин, «Қазақстан» телеарнасының директоры Қайнар Олжай, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары Еркін Жаппасұлы, «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы Қали Сәрсенбай, жазушы Қайым-Мұнар Табеев, т.б. көптеген азаматтар бар.

Қасиетті қара шаңырағын ұлықтаған түлектер

Журналистика факультетінде қалыптасқан дәстүр бойынша түлектер жыл сайын бас қосып жатады, ал өздерінің білім алған, қызықты да думанды жастық шағының куәсі болған киелі қара шаңыраққа келе жатқандарын барлық беделді басылымдарда жар салып, «Құс қайтып оралды Алматыға...» деп аталатын «сағынышқа толы студенттік сыршыл күндер мен қарбаласы қапылыстыратын бүгінгі күрделі кезенді ұштастыратын курстастар еңбегін» жарыққа шығарып келген түлектерді бірінші көруіміз.

Түлектер өз жүздесулерін әл-Фараби бабамыз бен Ө.Жолдасбеков ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойып, тағзым етумен бастады. Одан кейін университетіміздің 76 жылдық тарихынан сыр шертетін мұражайды аралады. Жүректеріне сағыныш ұялатқан журналистика факультетіне келгенде, ең алдымен таяуда ашылған «Студенттердің баспасөз орталығына» бас сұғып, одан кейін профессор Т.Кожеев атындағы акт залында университет басшыларымен және факультет ұжымымен кездесті.

(Жалғасы 3-бетте)



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихында тұңғыш рет жалпыуниверситеттік деңгейде «ҚазҰУ түлегінің күні» аталып өтпек. Биылдан бастап жыл сайын «ҚазҰУ түлегінің күні» мамыр айының соңғы сенбісінде тойланады. Бұл мереке ҚазҰУ түлектері қауымдастығының шешімімен және ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің қолдауымен жүзеге асып отыр. Биыл «ҚазҰУ түлегінің күні» мамыр айының соңғы сенбісі – 28 мамырға сәйкес келеді.

Бұл мейрам өз кезегінде 125 мыңнан астам маман қанаттандырып, еліміздің элитасын қалыптастырып отырған ҚазҰУ-ға деген үлкен құрмет. ҚазҰУ түлектерінің қатарында ҚР Парламент депутаты, елшілер, ғалымдар, ақын жазушылар және БАҚ басшылары бар. «Ел ауызындағы кеше мен бүгінгі айтулы ғалымдарымыз өздерінің ұлттық тарих, экономика мән мәдениетке қатысты

іргелі зерттеу еңбектерін осы университет қабырғасында жазып, ел игілігіне айналдырды.

Математика, физика, басқа да жаратылыстану салалары бойынша ауқымды ғылыми жұмыстар осы жерде іске асырылды. Университет түлектері байтақ Отанымыздың барлық түкпірінде жеңісті де жемісті қызмет етіп жатыр», - деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қара

шаңырақтың 75 жылдық мерейтойында пікір білдірген еді.

Қазақ ұлттық университеті білім және ғылым саласында өзінің тарихын, дәстүрін, жеңістері мен жетістіктерін мақтан тұтады. Қазақстан кадрларын дайындайтын негізгі білім ордасының тарихы мемлекетіміздің қалыптасуымен тығыз байланысты.

ҚазҰУ-да ғылым және мәдениет қайраткерлері, теориялық және тәжірибелік зерттеулердің жетекшілері Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Д.Сокольский және тағы басқа да дарынды ғалымдар дәріс оқыды. Осылайша университеттің ғылыми мектебі құрылды.

(Жалғасы 3-бетте)

НАШИ УЧИТЕЛЯ

Великая школа химии профессора Сонгиной

В 2011 году исполняется 110 лет со дня рождения Ольги Альфредовны Сонгиной – известного ученого в области химии редких элементов и электрохимических методов, члена – корреспондента АН КазССР, заслуженного деятеля науки КазССР, доктора химических наук, профессора.

Ольга Альфредовна родилась 17 апреля 1901 года в Санкт-Петербурге. После окончания школы работала в г. Луга (Ленинградская обл.) сотрудником отдела народного образования, затем трудилась на ленинградском заводе «Красный выборжец» и училась на металлургическом факультете Ленинградского заочного индустриального института.

(Продолжение на 4 стр.)

БАСТАМА

Қазақ тарихының 20 томдығы жарық көрмек

26 мамыр күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде «Бекмаханов оқулары -2011» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция аясында «Қазақстан тарихы ғылымының теориялық-методологиялық мәселелері» атты дөңгелек үстел өтті. Тарихшылар тақырып аясында пікір алмасып, өзара ойларымен бөлісті. Олардың қатарында Колумбия университетінің профессоры Рафис Абазов, Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры Хангелді Әбжанов, тарих факультетінің деканы Жәкен Таймағамбетов, ҚазҰУ профессорлары Талас Омарбеков, Қамбар Атабаев, Қалқаман Жұмағұлов және тағы да басқа тарихшылар бар.

- Бекмаханов – білім мен ғылымның телғарасы. Білім мен ғылымды қатар алып жүрген ғалым. Осы орайда Бекмаханов оқулары аясында өткізіліп отырған пікір алмасу өте орынды деп ойлаймын. Бүгінде ел саясаты ғылымға көп көңіл бөліп отыр. Тіпті ғылымға бөлінетін қаржы алда екі-үш есе ұлғаяды деген де үміт бар. Қарап отырсақ, дәл осы тарих ғылымы саласында елімізде төрт институт жұмыс істеп жатыр. Ендеше тарихшыларға, ғалымдарға жасалынып жатқан жағдайды, мүмкіндікті пайдалану керек. Үлкен салықалы деңгейде қазақ тарихын

жазатын уақыт жетті. Тарих институттары және тарихшылар біріге қазақ тарихына арнап 20 томдық кітапты дайындайық, - дейді Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры Хангелді Әбжанов. Тарихшы 20 томдық ең алдымен қалың оқырманға арналып көркем, әдеби тілмен мемлекеттік тілде жазылуы тиіс екендігін айтады. Одан кейін орыс, ағылшын тілді орта танысу үшін осы тілдерге көркем аударылуын бақылау қажеттігін ескерді. Қазақ тарихының Шыңғыс хан жорығынан бастап Тәуелсіздікке дейінгі тұстарын

қамтитын бұл кітаптың мазмұндылығына терең мән берілу керектігін де тілге тиек етіп, кітаптың құрылымы, жоспары тарих факультетінің деканы Жәкен Таймағамбетовқа ұсынылғандығын айтты. Әр тарихшы үшін бұл кітаптың мазмұны мен беделі үлкен сын болмақ.

Хангелді Махмұтұлы кітапты «Отан тарихы» деп атауды ұсынса, тарих факультетінің деректану және тарихнама кафедрасының меңгерушісі Қамбар Атабаев: «Кітап қазақ тарихы деп аталу керек. Себебі тарихты – ұлт, яғни адам жасайды. Қазақ елінде «қазақтан» басқа ұлт жоқ. Өзгелері ұлыс. Ендеше әдемі сөзді «Отан» деп бүркемей, Қазақ тарихы деп атаған жөн», - деген жеке пікірін жеткізді. Бір ұлттың тарихын жазып шығу рәсімімен де өте салмақты жауапкершілік. Кітап басу – тасқа басумен пара-пар.

(Жалғасы 2-бетте)



На пути к глобальному образованию

СОТРУДНИЧЕСТВО
20 мая состоялась встреча по вопросам глобального образования, в которой приняли участие ректор КазНУ им. аль-Фараби, академик Галым Мутанов, ученые вуза и представители делегации Американского комитета глобального образования (АКГО).



Члены делегации АКГО профессор факультета электрической инженерии и вычислительной техники университета Нью-Хэмпшер А.Ручинский, директор департамента компьютерных наук университета Майн Дж. Марковский, президент компании «Витал Электроникс» Т.Кочанский, ознакомились с деятельностью университета и особенностями учебного процесса, встретились с профессорско-преподавательским составом и провели ряд семинаров.

В ходе визита совместно с казахстанскими учеными были выработаны общие принципы сотрудничества и определены приоритеты. В частности, обе стороны подчеркнули необходимость тесного сотрудничества в научной деятельности, внедрении двухдипломных образовательных программ для магистрантов и докторантов, прохождении научных стажировок

преподавателей и студентов КазНУ.

По словам ректора университета Галыма Мутанова, была проделана актуальная и интересная работа. «Это хорошее начало. Мы выходим на более высокий уровень сотрудничества. Плодотворная совместная деятельность будет способствовать решению важной для университета задачи – трансформации в научно-исследовательский вуз», - сказал он и выразил готовность создать рабочую группу для реализации совместных мероприятий и проектов.

В числе предложенных в рамках сотрудничества мероприятий совместная организация в универ-

ситете Майн центра изучения ислама, дистанционных курсов в КазНУ на английском языке по информационным и коммуникационным технологиям, проведение семинаров по вопросам глобального образования и другие проекты.

В целом обе стороны отметили конструктивные результаты встречи и предложили проводить их на регулярной основе. Гости университета поблагодарили ректора за радушный прием, предоставленную возможность ближе узнать университет и поделиться собственным опытом.

Ирина ПИЛЬГУК

IT-ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ СОҢҒЫ ҮЛГІСІ ЖАСАЛМАҚ

25 мамырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Галымқайыр Мутанов Оңтүстік Кореядан келген арнайы делегацияны қабылдады.

Олардың қатарында BLUE COP SECURITY & SYSTEM компаниясының өкілі Джо Хан Бон (Jo Han Bong), Jiryung +2 International CO.,Ltd компаниясының өкілі Парк Янг Мим (Park Young Min) бар. Оңтүстік Кореядан келген қонақтар IT-технология саласында бірігіп жүзеге асырылатын жобаларды ұсынды.

Қоғам дамыған сайын IT-технология да көпсалалы қызмет атқаруда. Күннен-күнге заманауи технологиялар қолданысқа енгізіліп, бірнеше функциялар атқарады. Мәселен «ақылды теледидар» қызметін атқаратын смартфондар дүниеге келуде. Сонымен қатар интерактивті тақтаны пайдалану, оқу үдерісін электронды оқыту жүйесі Кореяда жақсы дамыған. Ол өз кезегінде оқу үдерісіндегі уақытты үнемдеп, оқушы мен оқытушының пікір алмасып, ой бөлісуіне мүмкіндік береді. Бұл интерактивті тақта өз кезегінде бейнені 30-да 50

көлемінде ұлғайтып көрсете алады. Электронды оқыту бір дегенде – телеарна, компьютер, телефон, интернет қызметтерін атқара алады. Бұл оқу үдерісінде өте маңызды. Сонымен бірге, он-лайн конференциялар, басқосулар ұйымдастыруда да уақыт тиімділігі мен үнемділікке жағдай жасайды. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, мұндай электронды және интерактивті құрылғыларға сұраныс та артып отыр, - дейді Джо Хан Бон.

Технологиялық дамуды сөз еткен шетелдік қонақ қажеттіліктерді ескере отырып бірнеше ұсыныстар айтты. Солардың бірегейі ҚазҰУ-мен бірлесе отырып Электронды технологиялар құрастыру зауытын ашу. Егер алда келісімшарт жасалынып, өзара әріптестікті осы салаға бағыттайтын болсақ, жоғарыдағыдай технологиялық құрылғылардың әлі талай соңғы үлгісі дүниеге келмек. Оңтүстік Кореядан келген делегацияның ұсынысын оң қабылдаған ҚазҰУ ректоры Галымқайыр Мутанов айтқан тілектерді жүйелеп, қолға алатындығын жеткізді.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

БАСТАМА

Қазақ тарихының 20 томдығы жарық көрмек

(Басы 1-бетте)

Ендеше кітап атауының да нақты түсінік беруі тарихшыларды толғандырып отыр. Бұл тұста профессор Талас Омарбеков та алдағы жарық көретін еңбекті «Отан тарихы» деп атауды жөн санайтындығын айтады. Ғалым пікірінше, Отан ұғымы географиялық жағынан кең мағына береді. Осы орайда дүниежүзі тарихы кафедрасының менгерушісі, профессор Қалқаман Жұмағұлов қазақ тарихын мемлекеттік тілде жазумен қатар, орыс, шет тілдерінде де жариялаған жөн деп санайды. Ғалым Еуропа университеттерінде дәріс оқыған уақыттарда ол жақтағы кітаптардан, оқулықтардан Аттила, Шыңғысхан, Тимур сияқты Шығыстан шыққан есімдер кездестіргенімен, қазақ тұлғаларының, хандарының, батырларының аттарын таба алмағандығын айтады. «Әлем жұртшылығын қазақ тарихымен ақпараттандыру үшін тарихты ағылшын, неміс, француз және басқа да шет тілдеріне аудару қажет. Сонда біз бай, көнеден келе жатқан қазақ тарихын әлемдік деңгейде насихаттай аламыз», - дейді Қалқаман Тұрсынұлы.

Бұл дөңгелек үстел барысында айтылған ғалымдардың өзара пікірі. Кітаптың қалай аталамағы, не жазылмағы уақыт еншісінде. Бүгінгі басқосудан белгілі болғандай, қазақ тарихының саликалы деңгейде жазылуын жоғары көтерген ғалымдарға қарап, бір құнды дүниенің күтіп тұрғандығына үміт арттық.

Пікір алмасу барысында сонымен қатар, Қазақстан тарихы ғылымының теориялық-методологиялық мәселелері, қазақ тарихының ұғымдық және терминологиялық мәселелері, тарих ғылымы мәселелерінің тарихнамасы, деректанудың теориялық және қолданбалық аспектілері және кәсіби тарихшы-мамандар даярлау мәселелері ғалымдар назарына ілінді. Бұл тақырыптар өз кезегінде алда жарыққа шығар 20 томдық ел тарихы кітабында да басты ескерілер басымдықтар екендігі айтылды.

Дөңгелек үстел ұйымдастырушысы Қамбар Атабаевтың айтуынша, бұл дөңгелек үстел ғалымдардың еркін пікір алмасып, ой бөлісуіне арналып отыр. Әдеттегі «дайын», «жаттанды» баяндамалардың емес, тарих ғылымының сапасын арттырудағы тың идеялар мен бастамалардың аланы.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

РЕКТОРАТ

Теорияның қуаттылығы – тәжірибеде

Студенттер оқу үдерісінде жиған-терген білімдерін ізгілендіріп, кәсіби маманға бір қадам жақындауы үшін өндірістік тәжірибенің сапасын жұтыру қажет. Ұлттық университет білімгерлерінің ірі-ірі мекемелерде, мемлекеттік жұмыс орындарында тәжірибеден өтуін қадағалап, өндіріске деген талапты күшейту керек.

ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мутановтың пайымдауынша, мұндай талаптар маманның бәсекеге қабілеттілігін арттырып, мамандығына деген жауапкершілікті сезіндіре түспек. Университетте жазғы өндірістік тәжірибенің жақындауына орай, 23 мамырда өткен ҚазҰУ-дың ректорат мәжілісінде осы сала жан-жақты қаралды.

Оқу жұмысы жөніндегі департамент директоры Әділет Тойбаев өндірістік және оқу тәжірибесін ұйымдастыру, өткізу жұмыстары бойынша баяндама жасады. ҚазҰУ-да жүргізілетін тәжірибелер мынадай: оқу, оқу-танымдық, археологиялық, педагогикалық (1-4 апта), зерттеу, өндірістік және дипломалды (4-6 апта) тәжірибелер. Алда ұлттық зерттеу университетіне айналу барысында бұл тәжірибелердің сапасын арттыра түсу міндеті тұр. Ол үшін ұлттық университеттегі факультет басшылығы ҒЗИ (ғылыми зерттеу институты) және зерттеу орталықтары сияқты мекемелермен арадағы келісім шартты молайту қажет.

Сондай-ақ, шетелдік серіктестіктермен келісім санын ұлғайтып, тәжірибеден өту барысын жіті қадағалап отыруы керек.

Ал академиялық сұрақтар бойынша департаментіне 15-ші маусымға дейін үзіліссіз тәжірибелік дайындық концепциясын жасап, бекіту жүктелді. Сонымен бірге барлық тәжірибе түрі бойынша үнемі мониторинг жасалып отырмақ. Теорияның тәжірибемен қуатты екендігін басты назарға алған ұлттық университеттің оқытушы-профессорлар құрамы ректорат барысында сонымен қатар тарих, география, биология факультеті студенттерінің өндірістік тәжірибесін арнайы мекенмен қамтамасыз етуді қарастырды. Университет басшылығы биологтар үшін ҚазҰУ қалашығын тәжірибеден өтудің бір нысаны етіп алуға жағдай жасалыну қажетігін меңзеді.

Ректорат мәжілісінде одан кейін халықаралық қатынастар және ҚР сыртқы саясаты кафедрасының менгерушісі Е.С. Чу-

кубаев кафедраның даму болашағы туралы баяндады. Кафедра дамуы – университет дамуының кепілі. Бұл тұжырымға орай ректорат университеттің әр кафедрасына арнайы уақыт бөліп, тыныс-тіршілігімен, болашағымен танысуды әдетке айналдырған. Кафедра басшысы баяндағанындай, кафедра түлектерінің көпшілігі сыртқы істер министрлігінде қызмет етсе, одан кейінгі кезекте ішкі мемлекеттік мекемелер, халықаралық қаржы құрылымдары мен банктер тұр. Кафедра халықаралық қатынастар және ҚР сыртқы саясатында жоғары әріптестікке ие. АҚШ, Германия, Жапония, Үндістан, Қытай, Ресей, Орта Азиямен тығыз байланыста. Кафедра жұмысын жақсарту түсу мақсатында алда жұмыс берушілерді оқу үдерістеріне қатыстырып, мамандыққа деген нарық сұранысын зерттеп, сұранысқа сай маман даярлау жұмыстарын дамыта түспек. Жетекші тәжірибелі мамандарды дәріс өткізудің жиілетпек. Бұл жұмыстар өз кезегінде кафедра беделін арттырады. Әр кафедра рейтингісінің артуы – университет беделінің артуына кепіл болмақ.

Саягүл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ

АКЦИЯ

«Алматы апортын бірге жаңғыртайық!»

Кезінде Алматыға алыстан білім қуып келген студенттер, ең алдымен бұл қаланың апортын хабардар болғанын әрбір естеліктерден көзіміз шалып қалатындығы жасырын емес. Қала атауының өзі де бұл мекен алма ағаштарының қалыңдығымен ерекшеленгендігін сыр беріп тұр емес пе. Алайда соңғы уақытта алма ағаштарының қалада азайып, тіпті жоғалып бара жатқандығына алаңдаушылық туып отыр. Осы орайда қашанда тың бастамаға себепкер болып жүретін қара шаңырақ ҚазҰУ алма ағашын жаңғырту мәселесін назарға алды.

Жақында Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайының жанында «Алматы апортын бірге жаңғыртайық!» атты ағаш отырғызу акциясы өтті. Аталмыш экологиялық шара әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың және Қазақстанның Британдық түлектер клубының, «PosadiDerevo.kz» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен ұйымдастырылды.

Шараның басты мақсаты қоғамның назарын Алматы апортын жаңғырту мәселесіне аудару, тұрақты генофонддың құруға шақырып, табиғатты аялауға насихаттау. Экологиялық акция сонымен қатар қала тұрғындарын Алматыны сәулеттендіру мен көгалдандыру мәселелеріне белсенді қатысып, жіті көңіл аударуға үндеді.

Акцияға қазулық студенттер мен еріктілер,

сонымен қатар Қазақстан мен Қырғызстандағы Британдық Кеңесінің директоры Лина Милошевич ханым, Залыцбург университетінің вице-ректоры Джозеф Стробл мырза, Қазақстанның эстрада жұлдыздары - «Ринго» тобы, Азамат Мадғұлов, Мәдина Сәдуақасова сынды әншілер қатысты.

Акция соңында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға отырғызылған алма ағаштарын бақылау сертификат-міндеті берілді. Ал апортты жаңғыртуға үн қосқан қатысушылар арнайы сертификат-сыйлықтармен марапатталды.

Шара барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Оқу жұмысы жөніндегі проректоры Гүлнар Балақаева және Қазақстан мен Қырғызстандағы Британдық Кеңесінің директоры



Лина Милошевич ағаштар отырғызылған баққа «Алматы апортын бірге жаңғыртайық!» атты естелік тақта орнатты.

Бұл шара қаланы көркейту, жасылдандыру және табиғатты аялауға деген жауапкершілікті нығайтты. Енді ҚазҰУ қалашығы студенттік шақтың қызықты кезеңі болуымен қатар, алма мекеніне – апорттың жаңғырған мекеніне айналмақ.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА



28 МАМЫР – ҚАЗҰУ ТҮЛЕГІНІҢ КҮНІ

(Басы 1-бетте)

Жоғары ғылыми мектепте дәріс алған түлектер де өз деңгейінде қара шаңырақ үмітін ақтап, биіктерден көрініп жүргендігін уақыт анықтап отыр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалымқайыр Мұтанов: «Университеттің қазіргі басты бағыты – ел Президенті биылғы Жолдауында: екі жоғары оқу орны әлемдік үздік ЖОО рейтингісіне ену қажет, ЖОО бес пайыз инновациялық қызмет атқарып және ғылыми зерттеулер нәтижесін өндіріске енгізу керек деп көрсеткеніндей, жүктелген міндеттерді жүзеге асыру болып табылады. Ал мұндай зерттеу университетінде ғылым мен білімнің тығыз бірігуі болашақта мемлекеттің интеллектуалды элитасын, жоғары білікті кадрларын дайындауға, өз елінің патриоттарын қалыптастыруға мүмкіндік береді», – деп бүгінгі студенттер алдына үлкен міндет қойып отыр.

ҚазҰУ түлектерінің өздері де жеткен жетістіктерін, биік асулары мен армандарын ҚазҰУ-мен байланыстыратындықтарын жасырған емес. Бұл тұста ҚР Парламенті Сенатының Депутаты, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитеттің басшысы

Қуаныш Сұлтановтың: «Осында оқып жүрген өрендеріміз тек бәсекелестікпен жеңіске жетеді. Мен оқыған журналистика факультетіне тек мықтылар баратын. Қазір де солай деп ойлаймын» деген жүрек жарды лебізі, басқа да түлектердің басылым беттерінде жарияланып жүрген «ҚазҰУ-да оқудың өзі адамға қанат бітіреді. ҚазҰУ студенттері білімнің қайнар бұлағынан сусындап, ертеңгі күні іргелі оқу орнынан түлеп ұшқан талантты, танымды ел ағалары болары сөзсіз» деген бағамдары қара шаңырақтың қадыр-қасиетін айқындап тұрғаны анық. Әр ақын өлеңдеріндегі ҚазҰУ-ға арналған теңеулер мен түлектер сезімі төл университетке деген сағынышты, қимастықты танытса керек.

Әуезовтей, Қожекеевтей ғұламалар дәріс оқыған қара шаңырақ қандай да болсын ілтипатқа лайық. Ендеше ел элитасының басым бөлігін дайындап отырған негізгі көш басшы университет түлектерінің күні сұранып-ақ тұрған мереке десек болғандай. Енді дәстүрлі түрде жыл сайын мамыр айының соңғы сенбисінде тойланатын ҚазҰУ түлегінің күні университетке деген құрметтің бірегейі болмақ.

ҚазҰУ түлегінің күні – киелі шаңырақта қанаттанған аға ұрпақ пен жас буынның өзара пікір алмасуы, тәжірибе

бөлісуі, ұлағатты орамдардың алмасу алаңы. Отанға деген сүйіспеншіліктің өз кезегінде туған университетке деген құрметпен өлшенетіндігін ескерсек, бұл мерекенің орны да бір бөлек.

28 мамыр күні қарашаңырақтың әр жылғы түлектері студенттік кампуса бас қосып, туған университеттерімен қауыша алады. «ҚазҰУ түлегінің күні» ҚазҰУ қалашығында әл-Фараби ескерткішіне және Ө.А.Жолдасбеков ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталады. Бұл күні қазуулық түлектер мен киелі білім ордасының қонақтарына арналып Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында мерекенің салтанатты ашылуы өтіп, концерттік ішара ұсынылады.

ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлы университет түлектеріне өзінің арнайы құттықтауын жеткізіп, алғысөз сөйлейді. Сонымен қатар шара барысында ҚазҰУ түлектері қауымдастығының тыныс-тіршілігі жайлы баяндалып, үздік түлектер марапатталады деп күтілуде.

Сондай-ақ, бұл күні ҚР еңбек сіңірген ұжымы Құрманғазы атындағы халық аспаптар академиялық оркестрі көшбасшы университет түлектерінің қуанышымен бөлісіп, өз өнерлерін тарту етпек.

Айтулы күні түлектер қара



шаңырақтың 75 жылдығына орай ашылған ҚазҰУ-дың мұражайымен таныса алады.

Сонымен бірге университеттің әр факультетінен түлеп ұшқан шәкірттерді бұл күні өз туған факультеттері арнайы қарсы аламақ.

Отандық білім және ғылым кеңістігінде алғаш рет аталағы отырған «ҚазҰУ түлегінің күні» кешке ҚазҰУ қалашығының Бас алаңында өтетін «Түлектер балымен» қорытындыланады.

Елбасы айтқандай, дәл қазірдің өзінде республикамыздың басқару жүйесінде отырған білікті мамандар мен талантты ғалымдардың, да-

рынды педагогтардың үлкен тобы осы киелі шаңырақтан шыңдалып шыққандар.

Ендеше мұндай элиталы топтың университет қабырғасында жүздесуі ҚазҰУ-да білім алып жатқан студенттерге қандай болмақ керегінен үлгі танытып, олардың мамандықтарына деген жауапкершілігін, төл университетке деген сыйластығын арттыра түсері сөзсіз.

Құрметті ҚазҰУ түлектері! Студенттік кампус – ҚазҰУ қалашығында кездесейік!

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

ҰЛАФАТ

Қасиетті қара шаңырағын ұлықтаған түлектер

(Басы 1-бетте)

Кездесуді университеттің Бірінші проректоры М.Бүркітбаев ашып, түлектердің қара шаңыраққа келген қадамдарына сәттілік тіледі және университет ректоры Ғ.Мұтановтың ыстық ықыласын жеткізді. Ал тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Ш.Жаманбалаева түлектерге университет ұжымы атынан алғыс хат ұсынды. Кездесудің түлектермен еркін пікір алмасып, сағынышқа толы естеліктердің тиегін ағытқан сәттегі бөлімін журналистика факультетінің деканы, профессор Е.Алауханов жүргізді. Ең бірінші кезекте сөз алған топ басшысы Жұмабек Кенжалин «Курстастардың студенттік жылдардан кейінгі өмірбаянына көз жүгіртсеңіз, көңіл тояды. Марқаясың, мақтанасың! Бәрі де үлкенді-кішілі бір-бір басылымның тұтқасын ұстаған қаламгер-қайраткерлер атанды. Мемлекеттік қызметке араласып, ел өміріндегі тағдырлы мәселелердің шешілуіне үлес қосып отыр. Бүгінгі заман талабына сай кәсіпкерлікпен шұғылданып жүргендері де баршылық. Арғымақ мініп, ат ойнатты деген, міне, осы!» - деп көңілі шалқып сөйледі.

Түлектер естелік әңгімесінде: «Заманында бір ағамыз ҚазМУ-дың журналистика факультеті университет ішіндегі «университет» тәрізді деп еді. Олай дейтін себебі, факультетте де, атақты №5 жатақханада да дүркін-дүркін кездесулер өтіп жататын. Факультеттің аты алысқа кеткені соншалық, басқа



жоғары оқу орындарының студенттері де мұнда жиі қонақ болатын»- деп сыр шертсе, Қайнар Олжай ағамыз: «Оқу ордаларының қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін әр жылы бітіргендердің сол білім ұясында іздері сайрап-ақ жатыр. Сол түлектердің ішінде тентектіктерімен бас жармаса да таланттарымен тас жарғандар – 1981 жылы оқу ордасымен «жылап» қоштасқандар. Аты аңызға айналған профессор Темірбек Қожакеевтің «бағымынан» босап, сағым қуып кете

беру де «бұйырмай», қалт жібермей қадағалауында болған қалам иелерінің әрқайсысы бұл күндері бірнеше кітаптың авторы. Республикалық баспа-лар мен басылымдардың, телерадиокомитет басында отырғандары да, ғылым оттығын көсеп жүргендері де, қиғаштай тартып, жоғары билікке араласып кеткендері де баршылық. Еліміздің әр түкпірінен ат басын бұрып, осыдан 30 жыл бұрын үлкен өмірге қанат байлап ұшырған оқу ордасы шаңырағы астында сағыныса табысқан олар бүгін өткен күннен бір белгі ретінде ұстаздар қауымы алдында есеп беруде», – деп

әңгіме тізгінін ағытты.

Кездесу соңында журналистика факультетінің студенттері ағаларына арнап жыр мен өннен шашу шашты.

Басқосудағы нағыз әсерлі шақ, ол – түлектердің №5 жатақханаға бару сәті болды. Көңілдері жас бала-ша шапқыған аға-апаларымыз өздері тұрған бөлмелерді аралап, студенттік шақтағы қызықтарын айтып, мәре-сәре болды. Жұмабек ағамыз қара домбырадан әдемі әуен төгілдіртсе, ал Жайлаубай ағамыз «Қыз Жібек» операсындағы Шегенің ариясын бар жан-тәнімен беріле орындады. Аға-апаларының өнеріне, қызықты естеліктеріне куә болған студенттер де қарап қаламай, ақындары жыр оқып, өнерлілері ән-күйден шашу шашып, қарымта қайтарды.

Сөзсоңында, «ҚазҰУ-дың қалашығы, көзімнің қарашығы» деп ақындардың жырына арқау болған қасиетті білімнің қара шаңырағы - ҚазҰУ әлі де талай жас ұрпақты тәрбиелеп, қанаттандыратыны сөзсіз, сол келер ұрпақ өкілдері мен бүгінгі таңда білім алып жатқан жастардың барлығы «Арман қуып, арғымақ ойнатқан» ҚазҰУ-дың 81 жылғы түлектері сияқты қасиетті оқу ордасын дәл осылайша ұлықтап, қадірлесе деген тілек айтқымыз келеді. Ағалардың үлгілі істерінен үйреніп, ұрпақ сабақтастығын жалғастыру бүгінгі жастар қолында.

Орынтай ОШАНОВА,
журналистика факультетінің
доценті



Великая школа химии профессора Сонгиной

(Начало на 1 стр.)



После репрессии мужа ее выслали в Киргизию, где с 1938 года она работала в фармацевтической промышленности, в Институте химии АН Киргизской ССР и одновременно в Киргизском филиале Ленинградского электротехнического института инженеров связи.

В Киргизии в годы войны Ольга Альфредовна участвовала в создании рудничных лабораторий в горах Тянь-Шаня, становлении аналитической службы лабораторий, разрабатывала ускоренные методы определения молибдена и вольфрама. Эти исследования были представлены О. Сонгиной в качестве кандидатской диссертации, которую она защитила в 1945 году в Казахском горно-металлургическом институте и была приглашена на работу в этот вуз.

С 1945 года жизнь и деятельность профессора связана с Казахстаном: она преподавала в Казахском горно-металлургическом институте, Институте химии АН КазССР. Будучи по образованию инженером-металлургом, она читает курс лекций по металлургии редких элементов, занимается научными исследованиями минерального сырья, анализом и химией редких элементов. Этот курс и исследования положены в основу монографии «Редкие металлы» (1951 г.), которая была первой книгой в СССР данного профиля. Эта монография дважды переиздавалась, была переведена на китайский язык. В 2005 году ученики Ольги Альфредовны перевели ее монографию и на казахский язык.

С 1950 года и до последних дней профессор работала в Казахском государственном университете им. С.М. Кирова (ныне КазНУ им. аль-Фараби) - сначала профессором кафедры аналитической химии, затем зав кафедрой химии редких элементов, созданной при активной поддержке нашего декана - Батырбека Ахметовича Беремжанова. Кафедра стала базой подготовки специалистов и научных кадров в области химии редких элементов и исследования минерального сырья Казахстана.

Во многом благодаря авторитету и многочисленным научным контактам Сонгиной с мировыми учеными о казахстанской школе химиков-аналитиков профессора О. Сонгиной было известно далеко за пределами республики. Ею опубликовано около 600 научных статей, шесть монографий, более 10 учебных и методических пособий, получено 30 авторских свидетельств, подготовлено более 60 кандидатов и 2 доктора химических наук.

Ольга Альфредовна активно участвовала в научной и общественной жизни: была депутатом райсовета Алма-Аты, председателем Казахского республиканского правления ВХО им. Д.И. Менделеева, председателем Республиканского совета по научной работе студентов при МВО КазССР, членом Научного Совета АН СССР по аналитической химии, ответственным редактором журнала МВО КазССР «Химия и химическая технология», членом редколлегии союзного «Журнала аналитической химии», членом редакционного совета международного журнала «Таланта». Все это свидетельствует о международном признании и уважении ученого.

О. Сонгина награждена орденом Трудового Красного Знамени, медалями и Почетными Грамотами Верховного Совета республики.

Талантливому ученому была присуща энциклопедичность знаний, высочайшая эрудиция, знание трех языков, она первопроходцем новых направлений и исследований в аналитической химии. Но самое главное, Ольга Альфредовна была открытым, коммуникабельным, публичным человеком. Обаяние, умение общаться с людьми были ее «визитной карточкой», поэтому рядом с ней всегда были люди, которые тянулись к ней. Она была светлым и добрым человеком. Было истинным счастьем учиться и работать с таким великим человеком.

**Д. Камысбаев, зав. кафедрой аналитической химии и химии редких элементов, профессор
Н. Шарипова, профессор**



Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің М.Әуезов атындағы оқу залында Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына орай тұңғыш «ЖЕЗ ҚОҢЫРАУ» атты студенттер альманағы жарық көрді. 2 томдық болып оқырман қолына тиген бұл шығармашылық жоба университет ректоры, академик, әдебиет пен өнердің үлкен жанашыры Ғалымқайыр Мұтанұлы Мұтановтың шығармашылық жастарға деген қамқорлығын көрсететін және ректордың тікелей қаржылық қолдауымен жүзеге асқан игілікті шара.

«ЖЕЗ ҚОҢЫРАУ»

студенттер альманағы жарыққа шықты

Филология факультетінің деканы, профессор Қансейіт Әбдезұлы: «Жез қоңырау» атты қос томдық альманах, ең алдымен шығармашылыққа жастардың талантын ұштап, болашақта үлкен белестерге жол ашатын бірден-бір басылым. Қолына кітаптары тиген дарынды студенттердің, яғни жас авторлардың қуанышында шек жоқ. Осы орайда қазақ руханиятының үлкен жанашыры, өзі де Абай, Шәкәрім, Ахмет, Мағжан өлеңдері мен даналық сөздерін әрдайым орайы түскенде жатқа айтып, сол сөздердің тағылымдық мәніне баса мән беріп, ой толғап жүрген ректорымыз Ғалымқайыр Мұтанұлының үлкен қамқорлығын атап өтер едіміз, - дейді. Былтыр ректордың ұсынысымен тұңғыш рет университетімізде студенттердің «Жыр мұшайрасы» да өткен болатын. Сондағы жүлделі орындарға ие болған барлық шығармалар осы альманахқа енді. Студент жастардың шығармашылығына жол ашатын бұл игі дәстүр келесі жылдары да жалғасын табады.

Қос томдықтың тұсаукесеріне қазақ әдебиетінің қабырғалы қаламгерлері, белгілі ақындар Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Жайлыбай, «Дәстүр» журналының бас редакторы Қасымхан Бегман, «Қазақ энциклопедиясының» президенті Бауыржан Жақып қатысып, жас дарындарға сәттілік тілеп, ағалық баталарын берді.

«ҚазҰУ-да талантты жастар көп. Әсіресе филология, журналистика факультеттерінде өлең, әңгіме жазатын студенттер бар екендігін білетінмін. Енді солардың тырнақалды туындыларының жеке альманах болып шыққандығы үлкен игілік болған екен. Университет басшылығына алғысымды білдіремін. Осындай игі шаралар басқа жоғары оқу орындарына да үлгі болса деймін. Біз Жазушылар одағы осынау талантты балалардың ішінен ең таңдаулыларын одақтың қатарына қабылдауға ықылас білдіреміз. Сол арқылы олардың бүкіл елге танылуына, шығармаларының қалың оқырманға жетуіне жол ашуға әзірміз», - дейді Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары, Алаш сыйлығының иегері ақын Ғалым

Жайлыбай. Ал «Дарын» жастар сыйлығының иегері, «Қазақ энциклопедиясының» президенті Бауыржан Жақып: «Қарашаңырақ ҚазҰУ-ға тек талантты жастар ғана келіп оқиды. Солардың ішінен ең дарындыларын таңдап, шығармаларын 2 томдық альманахқа енгізіп, елге таныстыру игі бастама. Бұл тұңғыш рет өткізіліп отырған дәстүрлі іс-шара ары қарай да жалғасын тапса нұр үстіне нұр болар еді. Былтыр жыр мұшайрасына қазылық еткен едім. Сонда дарынды жас ақындарды байқап, өлеңдеріне бата берген болатынмын. Сол шығармалар енді, міне қолыма кітап болып тиіп отыр. Ақ жол тілеймін, құтты болсын!», - деген лебізімен бөлісті.

Университеттің барлық факультеттерінде білім алып жатқан ең дарынды студенттердің таңдамалы туындыларын біріктірген альманах жастардың шығармашылық қаламын ұштап, әдебиеттің үлкен әлеміне даңғыл жол ашады.

**Жұлдыз ЕСІМОВА,
филология факультеті деканының
тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары**

В Юго-восточную Азию...за дипломной работой

Студенты редко ищут легких путей, я именно из этой категории людей. Вместо душевных залов библиотек, тупого копирования Интернета я предпочитаю собрать для своей дипломной работы «живой» материал, как говорится с мест «боевых событий». Я учусь на факультете международных отношений и, сдав последний экзамен, я вылетела из Алматы, чтобы отправиться страны Юго-восточной Азии. Меня ждали Таиланд, Камбоджи и Вьетнам, особенно хотелось «окунуться» во время геноцида Красных Кхмер и войны в Сайгоне. Путешествия обещало быть не только плодотворным и захватывающим.

Самолет едва пересекает границу королевства Таиланда, под его крылом открывается пейзаж поистине сказочный, любоваться которым можно без конца. Бангкок очень богат многочисленными достопримечательностями, пляжи Паттайи, вдоль Сиамского залива отели и зона отдыха. Однако все свободное вечера проводила за компьютером и изучала Юго-Восточную Азию, так как мой дальнейший путь лежал в Камбоджу и Вьетнам. На автобусе доехала до границы Камбоджи, где традиционной улыбкой меня встретили пограничники.

Вспомнив Хазрет Султан баба и попросив поддержку у Аллаха, поехала в направлении Ангкор Ват, который находится в 200 км. от границы в городе Сем Риеп. Ангкор Ват – это национальная гордость кхмерского народа. И не случайно на государственном флаге свободной, независимой Камбоджи, как символ процветания и вечности, изображен величественный храм Ангкор. Оказалось, что этот день был «День независимости Камбоджи» и все улицы были украшены иллюминациями.



Ангкор Ват, который находится в 8 км. от города. Можно прочитать тысячи книг, просмотреть сотни открыток или фильмов о комплексе храмов, но все это лишь незначительная часть того, что представляет с собой в действительности великие тво-

рения древних зодчих. И можно смело сказать, что совокупность комплексов-памятников: Ангкор, Байон, Та Кео и другие храмы – это чудеса света. В столице Камбоджи - городе Пном-Пень – самая главная примета города - трудовой ритм.

За 10 дней пребывания в Пном Пене работала в Национальной библиотеке, побывала в посольствах Вьетнама и России, посетила Королевский Университет, который состоит из множества институтов, среди которых Камбоджийский технологический институт, Институт международных отношений. Как ни странно, но этот ансамбль учебных корпусов (как наш КазГУград) находится на пересечении двух проспектов: Российской Федерация и Мао Цзе Дун. Обсуждали с деканами факультетов и представителями вузов перспективы сотрудничества с КазНУ в сфере взаимобмена студентами.

Дальнейший мой путь лежал в Южный Вьетнам. Прибыв в город Хошимин (бывший Сайгон), мой приезд совпал с праздником «Восточного нового года».

Сейчас, находясь далеко от Юго-восточной Азии и, вспоминая все увиденное, мне хочется пожелать народам Камбоджи, Вьетнама и Таиланда, которые находятся в постоянной конфликтной обстановке, научиться говорить на «языке мира».

**Унсия ЖУНУСОВА,
студентка 4 курса факультета
международных отношений**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,
Еңлік АҚЖІГІТ
Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.
Индексі 65989.
Тапсырыс №10345

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.